



“БЕКІТЕМІН”

Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры
Ж. Темірбекова
02 2022ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

ҚҰРЫЛЫМ ЕРЕЖЕСІ ҚЕ-ЖО-001-2022


ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Жастар орталығымен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – Жастар орталығының басшысы А.Исмайлов
3. Келісілді – Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры А.Тұрғанбаев
– Жастар саясаты департаментінің директоры А.Даркембай
– Стратегиялық даму, сапа орталығының жетекшісі Ж.Дариханов
– Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
– Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы Қ.Тубеков
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2022 ж.
5. Тексерілу мерзімі – 2024 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		КЕ-ЖО-001-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Құрылым ережесі	
Жастар орталығының құрылым ережесі		5 беттің 2-ші беті

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Жастар орталығы өз қызметінде университеттегі тәрбие жұмыстарын, мәдени іс-шараларын, жатақханаға орналастыру, факультеттердегі тәлімгерлер жұмыстарына басшылық жасау сараптау және талдау жұмыстарын жүзеге асырады.

1.2 Жастар орталығы ҚР Конституциясы “Білім туралы” заңдарын, ҚР сыбайлас жемқорлық туралы заңын, ҚР ғылым және білім министрінің нормативтік-құқықтық актілерін, университет Жарғысын, осы ережені, университет ректорының бұйрықтарын және университеттің әдістемелік, нормативтік материалдар негізінде әзірленген ережелерін басшылыққа алады.

1.3 Жастар орталығының басшысы орталық жұмыстарының нәтижелігіне толығымен жауапты болады.

2 ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

2.1 Бекітілген штаттық кестеге сәйкес Жастар орталығы төмендегі маманнан құралады:

- орталық басшысы;
- жетекші маман;
- үйлестіруші;
- психолог;
- тәрбиеші.

3 ФУНКЦИЯЛАР

3.1 Тәрбиелік танымдылық іс-шараларға басшылық жасайды.

3.2 Факультеттермен өз жұмыстарын үйлестіріп отырады.

3.3 Тәлімгерлерді даярлауға, олардың өзіндік шығармашылық жағынан өсіп жетілуіне тұрақты түрде көңіл бөледі.

3.4 Жоспар бойынша жұмыс барысында туындаған проблемаларға байланысты пікір таласын ұйымдастырып, конференция, кездесулер, сайыстар өткізіп тұрады.

3.5 Жатақханаларға студенттердің бекітілген регламенті бойынша орналасуын қамтамасыз етеді және басшылық жасап, қадағалайды.

3.6 Факультеттердің тәрбие ісі бойынша декан орынбасарларына тәрбие жұмыстарын үйлестіреді.

4 ҚҰҚЫҚТАР

4.1 Жастар орталығы жылдық және үш жылдық даму жоспарын және атқарылар істерді қаржыландырудың жоспарына ұсыныстар жасауға.

4.2 Жұмыс жағдайына орай тәрбие ісі бойынша декан орынбасарларынан ақпарат, мәліметтер алуға.

4.3 Университет басшыларынан өз құқықтары мен міндеттерін орындауға байланысты көмек талап етуге.

4.4 Жұмыстарды жақсартуға және жүктелген міндеттерді атқару үшін университет басшыларына ұсыныс жасауға.

4.6 Б.Саттарханов атындағы “НАМЫС” жастар қоғамдық бірлестігімен бірлесе отырып, іс-шаралар атқаруға.

4.7 Қала көлеміндегі мәдени және түрлі іс-шараға университет басшылығының келісімі бойынша қатысуға.

4.8 Университеттің кітапханалық және ақпараттық қорларын; оқу-әдістемелік әлеуметтік-тұрмыстық бөлімшелері мен емханалық қызметтерін алдын-ала бекітілген тәртіпке сай пайдалануға.

4.9 Студенттік құрылыс отрядын ұйымдастыруға.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		KE-ЖО-001-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Құрылым ережесі	
Жастар орталығының құрылым ережесі		5 беттің 3-ші беті

5 МІНДЕТТЕР

- 5.1 Университет көлеміндегі тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруды жүргізу жұмыстарымен айналысады.
- 5.2 Мемлекеттік атаулы күндерге байланысты іс-шаралар өткізеді.
- 5.3 Факультет декандарының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен мемлекеттік идеологияға, стратегияға сай білім және ғылым министрілігі бекіткен нормалар бойынша жұмыс жасайды.
- 5.4 Студент атаулы күндерге байланысты іс-шараларын өткізілуін қадағалау арқылы оларға жетекшілік жасайды.
- 5.5 Тарихи маңызды күндер, еске алулар, мерейтойлар сынды атаулы күндерге байланысты іс-шараларды университет деңгейінде ұйымдастырады.
- 5.7 Студент жатақханаларында тәрбие жұмыстарын жүргізу, қадағалау оларды іске асыру негіздерін анықтайды.
- 5.8 Жатақханаларға студенттерді орналастыруды қадағалау жұмыстарын іске асырады. Жатақханаларда тұратын студенттердің қоғамдық және мәдени іс-шараларын ұйымдастыруға басшылық жасайды.
- 5.9 Студент жатақханаларында тәртіп сақталуын қадағалайды.
- 5.10 Студент жатақханаларында орын алған тәртіп бұзушылықтарға тиісті іс-шаралар қолдануды іске асырады.
- 5.11 Студент жатақханалары тәрбиешілерінің жұмыстарын басшылыққа алу, міндеттемелер беру, қызмет атауларын қадағалау.
- 5.12 Университет Жарғысына, Ішкі еңбек тәртібі мен осы ережеге сәйкес қызмет атқарады.

6 ЖАУАПҚЕРШІЛІК

- 6.1 Жастар орталығы осы көрсетілген қызметтік міндеттерін орындамаған жағдайда ҚР қазіргі таңдағы заңды күшіндегі Еңбек кодексінде белгіленген іс-шаралар бойынша.
- 6.2 Университет ішкі тәртіп ережесін бұзғаны үшін.
- 6.3 Қазіргі таңдағы заңды күші бар ҚР әкімшілік қылмыстық және азаматтық заңдары шегінде - өзінің қызметін жүзеге асыру процесінде жасаған құқық бұзушылықтары үшін.
- 6.4 Жастар орталығы белгіленген заңды күші бар ҚР-ның еңбек, қылмыстық және азаматтық заңдылықтары шегінде материалдық шығын келтіргені үшін.
- 6.5 Қауіпсіздік техникасы ережелерін бұзғаны үшін.
- 6.6 Өз қызметтік міндеттемелерін орындамағаны үшін.
- 6.7 Еңбек міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған мемлекеттік құпияларды, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткен жағдайда.

7 ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРМЕН ӘРЕКЕТТЕСУ

- 7.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ректорының бұйрықтарын міндетті түрде орындайды.
- 7.2 Жастар орталығы Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректорына бағынады.
- 7.3 Сапа менеджменті жүйесін жасау және ендіруді стратегиялық даму, сапа орталығы координациялайды және қадағалайды.
- 7.4 Құқықтық мәселелері университет заңгерімен бірге шешіледі.
- 7.5 Университеттің басқа бөлімінен келген жазбаша қызмет хаттарына Әлеуметтік-мәдени вице-ректорының орындау туралы (виза) қолы қойылғаннан кейін мәліметтер беріледі.

Кожас Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		КЕ-ЖО-001-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Құрылым ережесі	
Жастар орталығының құрылым ережесі		5 беттің 4-ші беті

7.6 Жатақханаға студенттерді қабылдау және шығаруды Сенатта бекітілген жатақхана ережесі бойынша іске асырады.

7.7 Жастар орталығы жұмыс атқару барысында университеттің басқа да құрылымдық бөлімдері мен тығыз қарым-қатынаста болады.

КЕЛІСІЛДІ

Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры




А.Тұрғанбаев

Жастар саясаты департаментінің директоры



А.Даркембай

Стратегиялық даму, сапа орталығының жетекшісі



Ж.Дарибаев

Заң бөлімінің басшысы



Г.Мусаханов

Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы



Қ.Тубеков

